112. Ұлттық жоспарға түзетулер Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларының ережелерінің және тапсырмаларының негізінде жүзеге асырылады.

113. Түйінді ұлттық индикаторлар картасы түзетілген жағдайда, даму жоспарларының нысаналы индикаторлары мен нәтижелерінің көрсеткіштері тиісті түзетуге жатады.

5-тарау. Мемлекеттік органның даму жоспары

114. Мемлекеттік органның даму жоспары (бұдан әрі – даму жоспары) орталық мемлекеттік органның орта мерзімді кезеңдегі қызметін айқындайды және стратегиялық және бюджеттік жоспарлауды өзара байланыстыруды қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған МЖЖ жоғары тұрған құжаттарын, функцияларын, өкілеттіктері мен құзыреттерін іске асыруға бағытталған.

115. Даму жоспарын тиісті мемлекеттік орган Ұлттық жоспардың, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының негізінде, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, бес жылдық кезеңге әрбір үш жыл сайын әзірлейді.

116. Даму жоспарын Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде айқындалған мемлекеттік органдар әзірлемейді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес стратегиялық жоспар әзірлейді.

117. Даму жоспары осы Әдістеменің 3-тарауының 1 және 2-параграфының талаптарына сәйкес әзірленеді.

118. Даму жоспарын әзірлеу кезінде талдау үшін ағымдағы жылдың алдындағы соңғы үш жылдағы деректер пайдаланылады.

119. Даму жоспарының құрылымы келесі бөлімдерден тұрады:

1) пайым;

2) бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері мен ресурстар;

3) ведомствоаралық өзара іс-қимыл;

4) даму жоспарын іске асыру жөніндегі жол картасы (қосымша түрінде).

120. "Пайымдау" бөлімінде даму жоспарын іске асыру нәтижесінде жетекшілік ететін салалардың/қызмет салаларының перспективалық жай-күйі баяндалады.

121. "Бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері мен ресурстар" бөлімінде стратегиялық бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері мен оларға қол жеткізу үшін жоспарланатын даму жоспарының ресурстары баяндалады.

Бағыттар Ұлттық жоспарда және Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында белгіленген стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін өзгерістері аса маңызды болып табылатын реттелетін салаларды немесе қызмет салаларын талдаудың негізінде қалыптастырылады.

122. Мақсаттар мен міндеттерді айқындауды мемлекеттік орган мынадай:

1) мақсаттың белгіленген проблемалармен нақты себеп-салдарлық байланысының болуы;

2) сандық көрсеткіштердің көмегімен мақсатқа қол жеткізуді білдіру мүмкіндігі;

3) Ұлттық жоспардың, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының мақсаттарына, Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттарына сәйкестігі;

4) тұжырымдау кезінде:

еркін немесе екіұшты түсіндіру терминдерін, ұғымдарын және тіркестерін пайдалануға;

мақсаттың өзіне қол жеткізудің салдары болып табылатын өзге де мақсаттарды, міндеттерді немесе нәтижелерді көрсетуге жол берілмейтін, мақсаттардың қысқаша және нақты баяндалуы деген талаптарға сәйкес жүзеге асырады.

123. Даму жоспарындағы әрбір мақсат, міндеттер үшін МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған функциялардың, өкілеттіктер мен құзыреттердің көрсеткіштерінен туындайтын нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштері айқындалады.

Даму жоспарының нысаналы индикаторлары мен нәтижелерінің көрсеткіштері Ұлттық жоспардың тиісті түйінді ұлттық индикаторларымен өзара байланыста көрсетіледі.

124. Әрбір нысаналы индикатор және нәтижелер көрсеткіші бойынша есепті және бес жылдық кезеңдер бойынша жылдар бойынша нысаналы индикатордың аралық мәндерін айқындай отырып, оның жоспарланатын мәніне қол жеткізудің түпкілікті мерзімі (кезеңі) айқындалады.

125. Әрбір мақсат бойынша бюджеттік шығыстар жиынтығы және даму жоспарын іске асыруға тартылған штат саны түрінде есепті және жоспарлы кезең жылдары бойынша бөліністе жоспарланатын қаржылық және адами ресурстар бойынша деректер келтіріледі.

126. Даму жоспарын іске асыру үшін қажетті қаржылық қажеттілікті айқындау кезінде мемлекеттік орган әрбір нысаналы индикатор, іс-шара/жоба бойынша жеке күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсерді есептеуді, сондай-ақ қойылған міндетті шешудің кемінде екі балама жолы бойынша ұқсас есептеулерді жүргізеді.

Бұл есептеулер мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға даму жоспарының жобасымен бірге енгізіледі.

127. "Ведомствоаралық өзара іс-қимыл" бөлімі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның үйлестіруімен мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жеткізуге бағытталған шараларды/жобаларды іске асыру шеңберінде әзірлеуші мемлекеттік органның орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылын көрсетеді.

128. Мемлекеттік органның даму жоспары бұрын жүргізілген мониторингтердің, бақылау іс-шараларының, мемлекеттік аудиттің нәтижелерін ескере отырып, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволық бағынысты ұйымдарының ұсыныстары негізінде осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

129. Даму жоспарының жобасына қосымша түрінде оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жол картасы қоса беріледі. Жол картасы осы Әдістеменің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша даму жоспарын іске асырудың барлық кезеңіне әзірленеді.

130. Әзірлеуші мемлекеттік орган даму жоспарының жобасын интернет-ресурстарға орналастырады, даму жоспары жобасының негізгі ережелерін жарнамалайды және түсіндіреді, оны орналастыру, заңнамада белгіленген жағдайларда жобаны жария талқылаудың қорытындысы бойынша алынған құжат жобасы бойынша қоғамдық пікірлерді зерделейді.

131. Мемлекеттік органның даму жоспарының жобасы мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен, өзге де мүдделі органдармен (қажет болған жағдайда) келісіледі және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органның басшысы бекітеді.

132. Даму жоспары әзірлеуші мемлекеттік органның интернет-ресурсында (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда) ол бекітілгеннен немесе өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде орналастырылады.

133. Мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған кезде тиісті саланың (аяның) мақсаттары мен нысаналы индикаторлары құқықтық мирасқор мемлекеттік органның бүкіл жоспарлы кезеңге арналған даму жоспарында көрсетіледі.

134. Мемлекеттік органның даму жоспарын іске асыру жол картасы мен бюджеттік бағдарламаларды іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

135. Даму жоспарларын іске асыру кезінде мемлекеттік органдар тәуекелдерге талдау жүргізеді. Жоспарланған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізбеу ықтималдығы немесе тәуекелдер туындаған жағдайда мемлекеттік органдар қажетті шаралар қабылдайды.

136. Жыл сайынғы мониторингті әзірлеуші мемлекеттік орган іс-шаралар жоспарының жол картасын орындау деректері, оның ішінде жобалық басқару мониторингінің нәтижелері негізінде жүргізеді.

137. Жобалық басқару мониторингінің нәтижелері стратегиялық және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей жинақтау әдісімен ұсынылады және:

1) жоспарланған іс-шаралардың/жобалардың жалпы саны және мерзімдерді бұза отырып іске асырылған іс-шаралар/жобалар саны туралы,

2) тиісті уәкілетті органдар немесе сарапшылар белгілеген нормаларды, стандарттарды, талаптарды сақтамай іс-шараларды іске асыру жағдайлары (және олардың саны) туралы;

3) қаржыландыру көздері бойынша түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың қаржылық қамтамасыз етілу дәрежесі туралы;

4) іске асыру, ведомствоаралық үйлестіру, негізделген қаржыландыру, қол жеткізбеу тәуекелін болғызбау /азайту мәселелерін шешу процесінде түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізуге жауапты мемлекеттік органдардың қажетті басқару іс-әрекеттерін қабылдамау жағдайлары туралы;

5) сандық көрінісін көрсете отырып, іс-шараларды/жобаларды іске асыру барысы туралы ақпараттың дұрыс истігі және толық факстігі фактілерінің болуы туралы;

6) іске асыру тәуекелдері бар іс-шаралар/нысаналы индикаторлар туралы ақпаратты қамтиды.

138. Даму жоспарларын іске асыру туралы жыл сайынғы есептер осы Әдістеменің 5 қосымшасына сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады және мыналарды қамтиды:

1) құжаттың деректемелері:

құжаттың атауы, нөмірі, күні;

әзірлеуші және бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган;

іске асыру мерзімдері, оның ішінде кезең-кезеңмен;

2) жоспарланған және нақты қол жеткізілген нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері, сондай-ақ оларға қол жеткізбеу себептері;

3) қаржыландыру көздері бойынша бөліністе есепті кезеңде бөлінген және игерілген қаражатты көрсете отырып, орындалған жоспарланған іс-шаралар, орындалмаған немесе ішінара орындалған іс-шаралар (құжатты іске асырған сәттен бастап барлық кезең үшін), сондай-ақ (іс-шаралар орындалмаған немесе ішінара орындалған жағдайда, оның ішінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды талап ететін) олардың орындалмау себептері туралы түсініктемелер туралы ақпарат жобалық басқару туралы заңнамада белгіленген тәртіппен қалыптастырылған мемлекеттік органның қызметі бойынша ақпарат болған кезде ;

4) қол жеткізілген/қол жеткізілмеген нысаналы индикаторлар мен даму жоспарларының нәтижелер көрсеткіштерінің белгіленген мақсаттарға, міндеттерге және Ұлттық даму жоспарының және (немесе) Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының тиісті көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсері туралы ақпарат;

5) игілік алушылардың базалық кезеңмен салыстырғанда, динамикадағы қанағаттану деңгейі туралы ақпарат (құжатты іске асырғанға дейінгі сәтте тиісті көрсеткіштердің мәні туралы ақпарат болған кезде, ол болмаған жағдайда – құжатты іске асырудың бірінші жылы базалық болып танылады);

6) жүргізілген бақылау іс-шаралары, мемлекеттік аудит, сараптамалық-талдамалық іс-шаралар, қоғамдық мониторинг туралы мәліметтер және бақылау іс-шараларының, мемлекеттік аудиттің және қоғамдық мониторингтің қорытындылары бойынша орындалған ұсынымдар туралы ақпаратты.

Даму жоспарын іске асыру бюджеттік инвестицияларды іске асырумен байланысты болған жағдайларда әзірлеуші мемлекеттік орган іске асыру туралы есепте құжатты іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалу дәрежесін айқындау жөніндегі көшпелі іс-шаралардың нәтижелері туралы мәліметтерді көрсетеді;

7) қоғамдық мониторинг қорытындыларын ескере отырып, проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесі туралы ақпаратты көрсете отырып, даму жоспарының іске асырылу барысын жалпылама талдау (бар болса), сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзгерістеріне сәйкес даму жоспарын түзетуге қатысты қорытындылар мен ұсыныстарды қамтиды.

139. Мемлекеттік органдар бірінші басшының қолымен даму жоспарларының іске асырылуы туралы есептерді (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда) шоғырландыру үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді және есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесінде және интернет-ресурста орналастырады.

140. Ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы, толықтығы, сапасы мен уақтылығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар мен бірлесіп орындаушылар жауапты болады.

141. Даму жоспарын түзетуді мемлекеттік орган МЖЖ-нің 59-тармағында белгіленген жағдайларда жүргізеді.

142. Нысаналы индикаторлар мен нәтиже көрсеткіштерінің мәндерін оларды нақты мәндерге келтіру мақсатында өзгертуді көздейтін, сондай-ақ қаржыландыру төмендеген немесе қысқартылған жағдайларда, сондай-ақ бюджет қаражатының күтілетін игерілмеуіне байланысты мемлекеттік органның даму жоспарын түзетуге жол берілмейді.

6-тарау. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары

143. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары мақсат қою құжаттары, Ұлттық жоспар, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы негізінде бес жылдық кезеңге әзірленеді.

144. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын әзірлеу үшін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен, қажет болған жағдайда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, үкіметтік емес және ғылыми ұйымдардың өкілдерін, әртүрлі білім салаларының ғалымдары мен мамандарын, сараптамалық қоғамдастықты тарта отырып, жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық кеңестердің өкілдері және мәслихат депутаттарынан, өңірлік кәсіпкерлік палаталарының өкілдерінен құрылған жұмыс тобы құрылады.

145. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары осы Әдістеменің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

146. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының әзірленген жобасы мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) өңірді дамытудың басым бағыттарын МЖЖ-ның жоғары тұрған құжаттарында белгіленген бағыттармен өзара байланыстыра отырып айқындау;

2) аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетінің бағасын баяндау;

3) нақты аумақта МЖЖ-ның жоғары тұрған құжаттарында белгіленген мақсаттарға қол жеткізу, міндеттерді шешу жолдарын баяндау;

4) түйінді индикаторларды көрсете отырып, жоспарлы кезеңнің соңына қарай аумақты дамытудың түпкі мақсаттарын айқындау;

5) күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін талдауды ескере отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізудің ықтимал жолдары мен тәсілдерін айқындау;

6) мақсаттардың, түйінді индикаторлардың, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштерінің логикалық өзара байланысын сақтау;

7) игілік алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және өңірдің өзіндік экономикалық әлеуетін дамытуға бағдарлану;

8) қаржыландыру көздері мен іске асыру кезеңдері бойынша бөліністе абсолютті мәнде даму жоспарын іске асыруға арналған шығыстардың көлемі туралы ақпаратты қамту;

9) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар іс-шараларының келісілуін, сондай-ақ құжаттың мақсаттар мен ресурстар бойынша теңгерімділігін сақтау;

10) тезистік форматта қысқаша және нақты баяндау.

147. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) паспорт (негізгі сипаттамалары);

2) аумақты дамыту пайымы;

3) ағымдағы жағдайды талдау;

4) негізгі бағыттар, мақсаттар, түйінді индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері және ресурстар;

5) ведомствоаралық өзара іс-қимыл.

148. "Паспорт (негізгі сипаттамалар)" бөлімінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының мыналарды:

1) атауы;

2) осы өңірдің негізгі сипаттамалары;

3) бағыттары, мақсаттары, түйінді индикаторлары, міндеттері мен нәтижелер көрсеткіштері;

4) қажетті ресурстарды қамтитын негізгі параметрлері баяндалады.

149. "Аумақты дамыту пайымы" бөлімінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру нәтижесінде өңірдің перспективалық жай-күйі сипатталады.

150. "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімінде өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ағымдағы жағдайы, негізгі проблемалардың кешенді сипаттамасы, өңірдің бәсекелестік артықшылықтары мен мүмкіндіктері сипатталған.

Осы бөлімнің көлемі құжаттың жалпы көлемінің 25%-нан аспайды.

151. "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімі осы Әдістеменің 3-тарауының 1-параграфында баяндалған тәсілдер негізінде қалыптастырылады.

152. Даму жоспарын әзірлеу кезінде талдау үшін ағымдағы жылдың алдындағы соңғы үш жылдағы деректер пайдаланылады.

153. "Негізгі бағыттар, мақсаттар, түйінді индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері және ресурстар" бөлімінде:

1) аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары;

2) түйінді индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерін көрсете отырып, аумақты әлеуметтік-экономикалық дамытудың әрбір бағыты бойынша мақсаттары, міндеттері;

3) қажетті ресурстар (қаржылық, адами) баяндалады.

154. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттары жоспарлы кезеңнің соңына қарай аумақты дамытудың белгілі бір бағытының жай-күйін, оны дамытудың сапалық бағдарларын білдіреді.

155. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының барлық мақсаттары облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін айқындауға мүмкіндік беретін аралық және түпкілікті маңызы бар түйінді индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерін қамтиды.

156. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттары, түйінді индикаторлары, міндеттері мен нәтижелер көрсеткіштері оларға қол жеткізуге жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар көрсетіле отырып келтіріледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының түйінді индикаторлары МЖЖ-ның жоғары тұрған құжаттарының декомпозицияланған түйінді ұлттық индикаторларына және түйінді индикаторларына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

157. Мақсаттар, түйінді индикаторлар, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштері осы Әдістеменің 3-тарауының ережелеріне сәйкес әзірленеді.

158. Орталық мемлекеттік органдардың облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жоспарына тиісті өңірге Түйінді ұлттық индикаторлар картасында бекітілмеген индикаторларды енгізуіне бастамашылық жасауға жол берілмейді.

159. Жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асырудың түйінді индикаторлары ретінде аумақтың ерекшелігін ескеретін қосымша индикаторлар өңірге МЖЖ-ның жоғары тұрған құжаттарында бекітілген индикаторлардың 20%-нан аспайтын мөлшерде енгізілуі мүмкін.

160. Жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына ресми статистикалық ақпарат қалыптастырылмайтын және (немесе) орталық мемлекеттік органдар бекіткен есептеулер әдістемесі жоқ түйінді индикаторлар

енгізілген жағдайда, жергілікті атқарушы орган салалық орталық мемлекеттік органмен, статистика саласындағы орталық уәкілетті органмен, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша есеп айырысу әдістемелерін әзірлейді және бір айлық мерзімде бекітеді.

161. Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бөлінісінде облыстың даму жоспарының түйінді индикаторларын бөлу осы Әдістеменің 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша даму жоспарына қосымша түрінде қалыптастырылады.

162. Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бөлінісінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган қалыптастырмайтын түйінді индикаторлар қосымшаға аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бойынша бөлінбей енгізіледі.

163. Даму жоспарына қосымшаға облыс бойынша түйінді индикаторларды және олардың мәндерін түзетусіз өзгерістер енгізілген жағдайда, аталған өзгерістер мүдделі орталық мемлекеттік органдармен келісілмейді.

164. Ресурстар мақсаттар бөлінісінде келтіріледі және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру үшін қаржылық және адами ресурстарға қажеттілікті атап өтеді.

165. "Ведомствоаралық өзара іс-қимыл" бөлімі өңірдің даму жоспарының мақсаттарына, түйінді индикаторларына, міндеттеріне және нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды/жобаларды іске асыру шеңберінде әзірлеуші жергілікті атқарушы органның облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның үйлестіруімен орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылын көрсетеді.

166. Әзірлеуші жергілікті атқарушы орган даму жоспарының жобасын интернет-ресурстарға орналастырады, даму жоспары жобасының негізгі ережелерін жариялайды және түсіндіреді, оны орналастыру, заңнамада белгіленген жағдайларда жобаны жария талқылау қорытындылары бойынша алынған құжат жобасы бойынша қоғамдық пікірлерді зерделейді.

167. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы әзірлеген облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган, өзге де мүдделі мемлекеттік органдар келіп түскен күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде қарайды.

168. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын жергілікті атқарушы орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәслихатына ағымдағы жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірілмейтін мерзімде бекітуге ұсынады.

169. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың даму жоспарын әзірлеуші өзгерістер мен толықтырулар бекітілгеннен немесе енгізілгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде оны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

170. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары жергілікті атқарушы органның (әкімдіктің) және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсында (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда) өзгерістер мен толықтырулар бекітілгеннен немесе енгізілгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде орналастырылады.

171. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру жөніндегі жол картасын орындау арқылы жүзеге асырылады.

172. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын іске асыру жөніндегі жол картасы (бұдан әрі – жол картасы) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының мерзімдерін, орындаушыларды, аяқталу нысанын, оны іске асыруға қажетті шығындарды айқындай отырып, мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған нақты іс-қимылдар жиынтығы.

173. Жол картасының жобасы осы Әдістеменің 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша оны іске асырудың бүкіл кезеңіне облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасымен бір мезгілде әзірленеді.

174. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жобасы енгізілген кезде оны іске асыру жөніндегі жол картасының жобасы қоса беріледі.

175. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру жөніндегі жол картасы тиісті аумақтың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы тиісті аумақтың бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдарымен бірлесіп әзірлейді және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары бекітілгеннен кейін бір ай мерзімде облыс әкімдігінің қаулысымен бекітіледі және 5 жұмыс күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

176. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын іске асыру оның мақсаттарына уақтылы және толыққанды қол жеткізу және жоспарланған нәтижелерді алу жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастыру және үйлестіру мақсатында жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

177. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының жыл сайынғы мониторингін әзірлеуші мемлекеттік орган жол картасын орындау деректері, оның ішінде жобалық басқару мониторингінің нәтижелері негізінде жүргізеді.

178. Жобалық басқару мониторингінің нәтижелері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей жинақтау әдісімен ұсынылады және мынадай:

1) жоспарланған іс-шаралардың/жобалардың жалпы саны және мерзімдерді бұза отырып іске асырылған іс-шаралар/жобалар саны туралы;

2) тиісті уәкілетті органдар немесе сарапшылар белгілеген нормаларды, стандарттарды, талаптарды сақтамай іс-шараларды іске асыру жағдайлары (және олардың саны) туралы;

3) қаржыландыру көздері бойынша негізгі ұлттық индикаторларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың қаржылық қамтамасыз етілу дәрежесі туралы;

4) іске асыру, ведомствоаралық үйлестіру, қол жеткізбеу тәуекелін болғызбау процесінде негізгі түйінді индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауаптылардың қажетті басқару іс-әрекеттерін қабылдамау жағдайлары туралы;

5) сандық көрінісін көрсете отырып, іс-шараларды/жобаларды іске асыру барысы туралы ақпараттың қате және толық емес фактілерінің болуы туралы;

6) жоспарлы мәндердің орындалмау және қол жеткізілмеу тәуекелдері бар іс-шаралар, түйінді индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері туралы ақпаратты қамтиды.

179. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын жыл сайын мониторингтеуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы тиісті аумақтың бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдарымен бірлесіп, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына қатысатын бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар ұсынатын іске асырылу барысы туралы ақпараттың негізінде іске асыру туралы есептерді қалыптастыру жолымен жүргізеді.

180. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру туралы есеп осы Әдістеменің 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылады және мыналарды:

1) құжаттың деректемелері:

құжаттың атауы, нөмірі, күні;

әзірлеуші және бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган;

іске асыру мерзімдері, оның ішінде кезең-кезеңмен;

2) жоспарланған және нақты қол жеткізілген түйінді индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері, сондай-ақ оларға қол жеткізбеу себептері;

3) қаржыландыру көздері бойынша бөліністе есепті кезеңде бөлінген және игерілген қаражатты көрсете отырып, орындалған жоспарланған іс-шаралар, орындалмаған немесе ішінара орындалған іс-шаралар (құжатты іске асырған сәттен бастап барлық кезең үшін), сондай-ақ (іс-шаралар орындалмаған немесе ішінара орындалған жағдайда, оның ішінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды талап ететін) олардың орындалмау себептері туралы түсініктемелер туралы ақпарат жобалық басқару туралы заңнамада белгіленген тәртіппен қалыптастырылған мемлекеттік органның қызметі бойынша ақпарат болған кезде ;

4) қол жеткізілген/қол жеткізілмеген түйінді индикаторлар мен даму жоспарлары нәтижелері көрсеткіштерінің МЖЖ жоғары тұрған құжаттарының белгіленген мақсаттарына, міндеттеріне және тиісті көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсері туралы ақпарат;

5) базалық кезеңмен салыстырғанда серпінде игілік алушылардың қанағаттану деңгейі туралы ақпарат (құжат іске асырылғанға дейінгі сәтте тиісті көрсеткіштердің мәні туралы ақпарат болған кезде, ол болмаған жағдайда – құжатты іске асырудың бірінші жылы базалық болып танылады);

6) жүргізілген бақылау іс-шаралары, мемлекеттік аудит, сараптамалық-талдамалық іс-шаралар, қоғамдық мониторинг туралы мәліметтер және бақылау іс-шараларының, мемлекеттік аудиттің және қоғамдық мониторингтің қорытындылары бойынша орындалған ұсынымдар туралы ақпаратты қамтиды.

Даму жоспарын іске асыру бюджеттік инвестицияларды іске асырумен байланысты болған жағдайларда әзірлеуші мемлекеттік орган іске асыру туралы есепте құжатты іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалу дәрежесін айқындау жөніндегі көшпелі іс-шаралардың нәтижелері туралы мәліметтерді көрсетеді;

7) қоғамдық мониторинг қорытындыларын ескере отырып, проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесі туралы ақпаратты көрсете отырып, даму жоспарының іске асырылу барысын жалпылама талдау (болған кезде), сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзгерістеріне сәйкес даму жоспарын түзетуге қатысты қорытындылар мен ұсыныстарды қамтиды.

181. Жыл қорытындысы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына мониторинг жүргізу үшін:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыруға қатысатын бірлесіп орындаушы мемлекеттік орган өз құзыреті шегінде есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15 наурызына дейін облыстың,

республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына іске асыру туралы ақпаратты ұсынады;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар ұсынатын іске асыру туралы ақпарат негізінде есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын іске асыру туралы есепті қалыптастырады, оны облыс әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырады, қалаларның, бірінші басшының қолымен (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда) және ол келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде шоғырландыру және оның интернет-ресурсында орналастыру үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

182. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының іске асырылу барысы туралы есепті ақпарат мақсатқа, міндеттерге қол жеткізу дәрежесін және МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарының тиісті көрсеткіштерін, қол жеткізбеу себептерін және жағдайды жақсарту үшін қабылданып жатқан шараларды нақтылауды қамтиды.

183. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және оның іске асырылуы туралы есептің мазмұнының дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапкершілік облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына-облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын әзірлеушіге жүктеледі.

184. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын түзету МЖЖ-нің 76-тармағында белгіленген жағдайларда жүргізіледі.

185. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша осы Әдістеменің 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша салыстырмалы кесте қоса беріледі.

186. Түйінді индикаторлар мен нәтиже көрсеткіштерінің мәндерін оларды нақты мәндерге келтіру мақсатында өзгертуді көздейтін, сондай-ақ қаржыландыру төмендеген немесе қысқартылған жағдайларда, сондай-ақ бюджет қаражатының игерілмеуі күтілетін жағдайларға байланысты облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын түзетуге жол берілмейді.

7-тарау. Өтпелі ережелер

187. Әдістеменің ақпараттық жүйелер функционалының мүмкіндіктерін қолдану бөлігінде 4, 7, 61, 66, 70, 100, 102 және 139-тармақтарының ережелері 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық даму жоспарын,
мемлекеттік органдардың,
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың даму жоспарларын
әзірлеу, іске асыру,
олардың мониторингтеу
және түзету әдістемесіне
1-қосымша

Нысан

Нысаналы индикаторлар және (немесе) нәтижелер көрсеткіштерін есептеу әдістемесі
"МЖЖ
құжатының атауы"

1-бөлім. Есептеуге жататын нысаналы индикаторлар және (немесе) нәтижелер көрсеткіштерінің тізбесі

№	Нысаналы индикатор және (немесе) нәтиже көрсеткішінің атауы	Өлшем бірлігі	Деректердің түрлері (халықаралық статистика, ресми статистикалық ақпарат, әкімшілік деректер)	
1.	...			
2.	...			
3.	...			

2-бөлім. Нысаналы индикатор және (немесе) нәтиже көрсеткішін есептеу алгоритмі

_____ (әрбір көрсеткіш үшін жеке)
"көрсеткіштің атауы"

1.	Нысаналы индикатор және (немесе) нәтижелер көрсеткішін айқындау (түсіндіру аппараты)	
2.	Көрсеткіш бойынша жедел, алдын ала және есептік деректерді қалыптастыру кезеңділігі мен мерзімдері	
3.	Көрсеткіш бойынша (болған жағдайда) ақпараттық жүйенің сілтемесі және есептік деректерді орналастыру орны көрсетілген	

	ақпарат көздері (веб-сайтка және ақпараттық жүйеге сілтемесін көрсете отырып)	
4.	Өлшем бірлігін көрсете отырып, есептеудің егжей-тегжейлі және айқын бірізділігін көрсете отырып , нысаналы индикатор және (немесе) нәтижелер көрсеткішінің алгоритмі	
4.1	республикалық деңгейде	
4.2	жергілікті деңгейде (қажет болған жағдайда облыстық/ аудандық/ қалалық деңгейін көрсету)	
5.	Нысаналы индикатор және нәтижелер көрсеткішіне қол жеткізудегі әрбір бірлесіп орындаушы мемлекеттік органның салым үлесін айқындай отырып, жоғары тұрған МЖЖ құжаттарының көрсеткіштерімен өзара байланысы	

Нысаналы индикаторлар және (немесе) нәтиже көрсеткіштерін есептеу әдістемесіне қосымша

МЖЖ құжаттарының нысаналы индикаторлар және (немесе) нәтиже көрсеткіштерін есептеу әдістемесін толтыру жөніндегі түсіндірмелер

1. МЖЖ құжаттарының нысаналы индикаторлар және (немесе) нәтиже көрсеткіштерін есептеу әдістемесі келесі тәртіппен толтырылады:

"МЖЖ құжатының атауы" жолы бойынша нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің есебі ұсынылатын МЖЖ құжатының атауы көрсетіледі.

2. 1-бөлім. "Есептеуге жататын көрсеткіштердің тізбесі":

1) "№" деген 1-бағанда нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштері атауының реттік нөмірі көрсетіледі;

2) "Көрсеткіштің атауы" деген 2-бағанда есептеуге жататын нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің атауы көрсетіледі;

3) "Өлшем бірлігі" деген 3-бағанда нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің өлшем бірліктері көрсетіледі;

4) "Деректер түрлері (халықаралық статистика, ресми статистикалық ақпарат, әкімшілік деректер)" деген 4-бағанда деректер көзінің түрі көрсетіледі;

5) "Деректер көздері (ақпараттық жүйе, жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар, ведомстволық статистикалық байқаулар, әлеуметтанулық зерттеулер

мен сауалнамалар негізінде алынған ресми статистикалық ақпарат)" деген 5-бағанда деректер көзі көрсетіледі.

3. 2-бөлім. "Көрсеткішін есептеу алгоритмі" мынадай тәртіппен толтырылады :

1) "Көрсеткішінің атауы" жолы бойынша нысаналы индикатор мен нәтижелер көрсеткішінің атауы көрсетіледі;

2) "Көрсеткішті айқындау (түсіндіру аппараты)" деген 1-бағанда нысаналы индикатор мен нәтижелер көрсеткішін түсіндіретін анықтама көрсетіледі.

Мысалы: ЖІӨ өсуі – бұл елдің экономикалық өсу деңгейінің көрсеткіші;

3) "Көрсеткіш бойынша жедел, алдын ала және есептік деректерді қалыптастыру кезеңділігі мен мерзімдері" деген 2-бағанда нысаналы индикатор және нәтижелер көрсеткіші бойынша жедел, алдын ала және есептік деректерді қалыптастыру кезеңділігі мен мерзімдері көрсетіледі;

4) "Көрсеткіш бойынша (болған жағдайда) ақпараттық жүйеге сілтемені және есептік деректерді орналастыру орнын көрсете отырып, ақпарат көздері (веб-сайтқа және ақпараттық жүйеге сілтемені көрсете отырып)" деген 3-бағанда нысаналы индикатор мен нәтижелер көрсеткіші бойынша есептік деректерді орналастыру орны болған кезде, веб-сайтқа және ақпараттық жүйеге сілтемені көрсете отырып, есептің/деректердің анықтығына көз жеткізуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйеге сілтемені көрсете отырып, ақпарат көздері, сондай-ақ формула құратын көздері көрсетіледі;

5) "Өлшем бірлігін көрсете отырып, есептеудің егжей-тегжейлі және айқын бірізділігін көрсете отырып, көрсеткіштің алгоритмі" деген 4-бағанда өлшем бірлігін көрсете отырып, егжей-тегжейлі және анық бірізділігін көрсете отырып, нысаналы индикатор мен нәтижелер көрсеткішін есептеу формуласы көрсетіледі;

6) "Республикалық деңгейде" деген 4.1-бағанда бүкіл елді қамтитын нысаналы индикатор мен нәтижелер көрсеткішінің есебі көрсетіледі.

Мысалы: ЖІӨ өсуі (елдің экономикалық өсуінің жалпылама көрсеткіші);

7) "Жергілікті деңгейде (қажет болған жағдайда облыстық/ аудандық/қалалық деңгейде көрсету)" деген 4.2-бағанда аймақты қамтитын нысаналы индикатор мен нәтижелер көрсеткішінің есебі көрсетіледі.

Мысал: ЖӨӨ өсуі (өңірдің экономикалық өсуінің жалпылама көрсеткіші);

8) "Көрсеткішке қол жеткізудегі әрбір бірлесіп орындаушы мемлекеттік органның салым үлесін айқындай отырып, каскадтау немесе декомпозиция жолымен жоғары тұрған МЖЖ құжаттарының көрсеткіштерімен өзара байланыс " деген 5-бағанда нысаналы индикатор мен нәтижелер көрсеткішіне қол жеткізудегі әрбір бірлесіп орындаушы мемлекеттік органның салым үлесін

2.1	n-түйінді ұлттық индикатор					
2.2.1.	МЖЖ-нің төмен тұрған құжатының нысаналы индикаторы					
2.2.2					
2.2.3					

1.2-бөлім. Ұлттық даму жоспары іс-шараларының/тәсілдерінің орындалу барысы туралы ақпарат

Жауапты орындаушылар – орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар көрсетіле отырып, негізгі ұлттық индикаторларға қол жеткізу қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген барлық іс-шаралар көрсетіледі.

№	Атауы	Бөлінген қаражат	Жұмсалған қаражат	Қаржыландыру көзі	Орындау мәртібесі және түйінді ұлттық индикаторға қол жеткізуге ықпал ету дәріжесі
1	2	3	4	5	6
1	1-түйінді ұлттық индикатор				
1.1	МЖЖ төмен тұрған құжатының 1-іс-шарасы				
1.2	МЖЖ төмен тұрған құжатының 2-іс-шарасы				
1.3	МЖЖ төмен тұрған құжатының 3-іс-шарасы				
2	2-түйінді ұлттық индикатор				
2.1	МЖЖ төмен тұрған құжатының 1-іс-шарасы				
2.2	МЖЖ төмен тұрған құжатының 2-іс-шарасы				

2.3	МЖЖ төмен тұрған құжатының 3-іс-шарасы				
2	n-түйінді ұлттық индикатор				
	Іс-шаралар ...				

2-бөлім. Талдамалық жазба.

3-бөлім. Қорытындылар мен ұсыныстар.

Бірінші басшы _____

қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық даму жоспарды
іске асыру туралы есеп
нысанына қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарының іске асырылуы туралы есепті толтыру бойынша түсіндірмелер

1. Ұлттық жоспарын іске асыру туралы есеп мынадай тәртіппен толтырылады :

- 1) "Бекітілді" деген жолда бекітілген құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 2) "Есепті кезең" жолы бойынша қорытындылары бойынша есеп берілетін кезең (жыл) көрсетіледі;

2. "Ақпараттық бөлім" 1-бөлімінің "Түйінді ұлттық индикаторларға қол жеткізу" 1.1-кіші бөлімі:

1) "стратегиялық бағы" деген жолда Ұлттық жоспарда көзделген стратегиялық бағыттың атауы көрсетіледі;

2) "№" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

3) "Атауы" деген 2-бағанда:

"Түйінді ұлттық индикатор" деген жолда Ұлттық жоспардың Түйінді ұлттық индикаторлар картасында бекітілген түйінді ұлттық индикаторлардың атауы көрсетіледі;

4) "Өлшем бірлігі" деген 3-бағанда түйінді ұлттық индикаторларың өлшем бірлігі көрсетіледі;

5) "Базалық (бастапқы) мән" деген 4-бағанда түйінді ұлттық индикатордың базалық мәні (болған жағдайда) көрсетіледі;

6) "Жоспар" деген 5-бағанда:

"МЖЖ-дан төмен тұрған құжатының көрсеткіші" деген жолда түзету ескеріле отырып, мемлекеттік органдардың даму жоспарларында, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларында, ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компаниялардың даму

жоспарларында бекітілген нысаналы индикатордың және (немесе) нәтиже көрсеткішінің жоспарлы мәндері көрсетіледі.

Ұлттық жоспардан кейінгі барлық төмен тұрған МЖЖ құжаттары көрсетіледі ;

7) "Факт" деген 6-бағанда:

"МЖЖ-дан төмен тұрған құжатының көрсеткіші" жолы бойынша мемлекеттік органдардың даму жоспарларында, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларында, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларында бекітілген нысаналы индикатордың және (немесе) нәтиже көрсеткішінің нақты мәндері көрсетіледі.

Ұлттық жоспарды іске асырудың барлық жылдарына (соңғы іске асырылатын жылы) мониторинг жүргізу барысында осы бөлім әрбір жыл бойынша 5 және 6-бағандарға ұқсас жаңа "жоспар" және "факт" бағандарымен толықтырылады;

8) "Ауытқу" деген 7-бағанда нақты мәндердің жоспарлы мәндерден ауытқуы көрсетіледі;

9) "Орындалмау себептері" деген 7-бағанда түйінді ұлттық индикатордың, мемлекеттік органдардың даму жоспарларының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының нысаналы индикаторлар мен нәтиже көрсеткіштердің орындалмауына әкеп соққан факторлар көрсетіледі.

3. "Ақпараттық бөлім" 1-бөлімнің "Орындалмау себептерін көрсете отырып орындалған және орындалмаған іс-шаралар туралы ақпарат" 1.2-кіші бөлімде орындалған және орындалмаған жоспарланған іс-шаралар және олардың орындалмау себептері, орындалмаған іс-шаралардың елдегі әлеуметтік-экономикалық, елдегі қоғамдық-саяси жағдайға әсері туралы ақпарат стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен міндеттер тұрғысынан;

4. "Талдамалық жазба" деген 2-бөлім мыналарды қамтиды:

шешілуіне Ұлттық жоспар бағытталған проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесі, Ұлттық жоспарды іске асырудың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері туралы ақпарат (осы ақпарат құжатты іске асырудың барлық жылдары үшін мониторинг жүргізілген жылғы есепке);

бюджеттік инвестицияларды іске асыруға байланысты Ұлттық жоспарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалу дәрежесін айқындау жөніндегі көшпелі іс-шаралардың нәтижелері туралы мәліметтер;

орындалмаған іс-шаралардың елдегі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайға әсері туралы ақпарат;

индикатор										
Міндет										
п-нәтиже көрсеткіші										
Қаржылық ресурстар										
Адами ресурстар										
Барлық қаржылық ресурстар										
Барлық адами ресурстар										

3-бөлім. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

№	Мақсаттар/іс-шаралар	Өзара іс-қимыл көзделетін мемлекеттік органдар	Өзара әрекеттесу сипаттамасы
Ұлттық даму жоспарының іске асырылуы			
	Түйінді ұлттық индикатор		
	1-іс-шара / жоба		
	2-іс-шара / жоба		
Мемлекеттік органның өзге мақсаттары			
	Нысаналы индикатор		
	1-іс-шара / жоба		
	2-іс-шара / жоба		

Бірінші басшы _____
 қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мемлекеттік органның
 даму жоспарына
 қосымша

Мемлекеттік органның даму жоспарын толтыру бойынша түсіндірмелер

1. "Мемлекеттік органның атауы" жолында даму жоспарын әзірлейтін мемлекеттік органның толық атауы көрсетіледі.

2. "Жоспарлы кезең" жолында даму жоспары әзірленетін кезекті бесжылдық кезең көрсетіледі.

3. "Пайымы" деген 1-бөлімінде мемлекеттік органның пайымы жазылады.

Мемлекеттік органның пайымы мемлекеттік органның перспективада жетекшілік ететін салалар немесе қызмет аясы қандай болатынын көрсетеді.

4. "Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, ресурстар" деген 3-бөлім мынадай тәртіппен толтырылады:

1) "Стратегиялық бағыт" жолында мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары көрсетіледі;

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары Ұлттық жоспарда белгіленген мақсаттар мен басымдықтарға қол жеткізу үшін өзгерістері неғұрлым маңызды болып табылатын реттелетін салаларды/қызмет салаларын талдау негізінде қалыптастырылады.

2) "Мақсат" жолында жоспарлы кезеңнің соңына қарай мемлекеттік органның белгілі бір саласының / қызмет аясының қалаулы болашақ жай-күйін көрсететін мемлекеттік органның мақсаттары көрсетіледі.

Қалыптасқан мақсаттар келесі критерийлерге сәйкес келеді:

